



91-ШӘМІС СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бес аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Күнге және оның жарығына, (1) Ай, күнге ерген сәтте, (2) Жарқыраған сәтте күндізге, (3) Күндізді жапқан кезде түнге, (4) Аспанға және оны жасағанға, (5) Жерге және оны жайғанға, (6) Кісіге және оны толықтағанға, (7) Сонда оған жамандық әрі тақуалық қабілеті бергенге серт. (90-С. 10-А.) (8)

Расында нәпсісін тазартқан кісі құтылды да; (9) Әлде кім оны кірлесте кор болды. (10) Сәмүдтің азғындары етіріксінді. (11) Оның ең жауызы қарсы шыққанда, (12) Сонда Алланың Елшісі оларға: "Алланың түйесіне әрі оның суарылуына килікпендер" деді. (13) Бірақ олар оны жасынға шыгарып, түйені өлтіріп тастады. Ал, сонда Раббылары оларға қылмыстарының салдарынан апат жіберіп, жермен-жексен қылды. (14) Алла, оның соңынан қорықпайды. (15)

92-ЛӘЙІЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма бір аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Қараңғылығы басқан сәтте, түнге, (1) Жарқыраған сәтте, күндізге, (2) Және ерек, ұргашыны жаратқанға серт. (3) Негізінен кесіптерің түрлі-түрлі. (4) Ал енді әлде кім (Алла жолында) берсе, тақуалық қылса, (5) Жақсылықты дұрыс деп білсе; (6) Сонда оның жолын оңайластырамыз. (7) Ал енді кім сарапдық істесе, елемесе, (8) Жақсылыкты жасынға шыгарса; (9) Сонда оның ауырлыққа ұшырауын оңайластырамыз. (10) (Тозаққа) жығылған сәтте, оның малы оған пайдада бермейді. (11) Негізінде тұра жол көрсету Бізге тән. (12) Сөз жок, ақириет те дүние де Біздікі. (13) Сондықтан сендерге жалындаған отты ескерттім. (14)